

**Буранкулова Эльмира Темирбаевнаның**  
**«6D020500- Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)**  
**дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**«Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» диссертациясының**

**АҢДАТПАСЫ**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Тіл ғылымы саласындағы заманауи зерттеулерді антропоэзектік ұстаным мен қоғамның өмір сүру салалары үшін мәні зор сипаты ерекшелендіреді. Тіл – тіл үшін ғана емес, оны қолданушы – адам, әлеуметтік орта өкілі, коммуникативтік тұлға, қауымдастық, ұлт, халық, мемлекет сияқты тараптардың қажеттіліктеріне және заман мен қоғам, ғылым мен техника дамуының сұраныстарына қарай бағытталып зерттелуі өзекті. Осы орайда адамның гендерлік болмысы да – гендерлік мінез-құлық пен рөлдері, гендерлік таптаурындар мен нормалары, гендерлік бейне, гендерлік тәрбие беру, гендерлік құндылықтар мен концептосфера сияқты антропологиялық категориялар бірқатар ғылымдардың, әлеумет пен мемлекеттің, этникалық саясаттың, отбасылық және мәдени-әлеуметтік институттардың назарын аудартып отырған іргелі проблемалардың бірі. ХХІ ғ. басында ғана адам homo economicus (нарық пен экономика адамы, үнемшіл, жеке пайдаларын ойлап-өсіруші) моделімен сипатталған еді, бүгінгі күні – адамның гендерлік тұрғыдан өзін-өзі идентификациялау мәселесі ұлттық және адамзат қауіпсіздігімен тепе-тең болып отыр. Сондықтан, бүгінгі адам homo sociologicus моделінде (тұлға қоғамдық даму өнімі ретінде, әлеуметтік адам) жаңа заман дамуының аясында қайта қаралуда. Адамға, оның әлеуметтену мақсаттарына қатысты бұл әлеуметтік беталыс біздің зерттеуіміздің маңыздылығын айқындай түседі. Себебі қазіргі homo sociologicus моделі қоғамның рухани және мәдени-әлеуметтік дағдарысы салдарынан ұлт пен этноста, отбасы мен қауымдастықта реттелген, ортақтастырылған және нормаланған антропологиялық жүйелерді түбегейлі өзгертуде (әйел мен ерлердің әлеуметтік-гендерлік рөлдерінің жаңа сипаты, жынысты өзгерту, бір жынысты отбасы, трансгендерлік т.б.) – жасанды гендерлік трансформациялық үдерістер етек алуда. Сол себепті бұл проблема ұлттық және адамзат қауіпсіздігі мәселелерімен тығыз байланысты. Осындай өзекті проблемалар аясында орындалып отырған диссертациялық зерттеуіміз арқылы түркі тілдес халықтарының дәстүрлі мәдениетінде қалыптасқан гендерлік тәлім-тәрбие модельдерін, гендерлік ұстанымдары тіл жүйесі мен лингвомәдениетінде көрініс тапқан деректерін ғылыми тұрғыдан зерделеп, оларды құнды деректерге айналдыру, өзгермелі заманда түркі гендерлік қазығының жағымды тұстарын өзектендіру мен сақтап қалу, әлем тілдері қатарында түркі лингвомәдениетінің гендерлік концептосферасын *таптаурындар* жүйесін анықтау негізінде қалыптастыруға үлес қосуды көздейміз.

Түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер бүгінгі таңда жоғарыда аталған бірқатар проблемалар аясында өзектілігін сипаттаумен қатар, жалпы осы саладағы зерттеулердің қолға алынуын да негіздейді. Зерттеулерде тұтас

қарастырылатын *адам – этнос – тіл – сана-сезім – рухани болмыс – қоғам* бірізділігі соның айғағы. Түркі гендерлік мәдениетінің құнды деректері тіл жүйесі арқылы бүгінгі ұрпаққа өзіндік гендерлік идентификациясын сақтап қалу мақсатында қызмет ететіні сөзсіз.

Сондықтан, *гендерлік таптаурындар* проблемасының пәнаралық сипаты басым және кешенді әдіснамалық қағидатты көздейді. Түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер *гендер* мәселесі мен *гендерлік таптаурындарды*, батысқа қарағанда (оларда гендер мәселесін физиологиялық, әлеуметтік жыныс тұрғысынан қарау басым), алдымен мәдени-әлеуметтік категория және ұлттық-мәдени код жүйесі ретінде қарастырады. Бұл тұжырым біздің ғылыми ізденісіміз негізінде қалыптасты.

Диссертация мазмұны гендерлік лингвистиканың заманауи ғылым бағыт ретінде дамуын, түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің жайы мен келешегін белгілеуге, гендерлік таптаурындардың зерттеу категориясы ретіндегі тілдік-әлеуметтік мәні мен лингвомәдени сипатын анықтауға бағытталады. Сонымен қатар, гендерлік таптаурындар түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші ретінде фразеология мен мақал-мәтелдерін талдау, тәжірибелік сауалнаманы зерттеу негізінде дәлелденіп сипатталады.

**Зерттеу өзектілігі.** *Гендерлік таптаурындар* адамзаттың жаһандану дәуірінде даулы мәселеге айналып отырған ғылыми, қоғамдық-саяси проблема (мысалы, БҰҰ Адам құқықтары басқармасының «Гендерлік таптаурындар және әйел құқықтары», «Гендерлік таптаурындарды қалыптастыру адам құқықтарын бұзу ретінде» соңғы 7-8 жылдағы жарияланымдары). Диссертациялық *зерттеудің өзектілігі* анықталған бірнеше қайшылықтар жүйесімен сипатталады, олар: *қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар деңгейінде* – «еркін» адам және реттеуші институттардың нормаларына сай өмір сүретін адам проблемасы; екіншіден, дербестік басымдығы мен ұжымдық, қауымдастық идеясына бағыну; үшіншіден, өзгермелі әлем адамы тұжырымы және дәстүрлі мәдени-әлеуметтік ұстанымдар; сонымен қатар, homo economicus пен homo sociologicus модельдерінің қайшылығы (мысалы, *әйел түзде – ер үйде*, егер ол отбасы үшін үнемді, пайдалы болса; дәстүрлі түркі лингвомәдениетіндегі «қатаң бекітілген» гендерлік таптаурынмен салыстырыңыз: *ер – түзде, әйел – үйде*). *Ғылыми-теориялық қайшылықтар деңгейінде* – түркі тіл білімі үшін гендерлік зерттеулер жоғарыда аталған қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар аясында маңызды сала болғанымен, әсіресе, түркі болмысы мен мәдениеті, этникалық ұстанымдары тұрғысынан, осы күнге дейін түркі гендерлік лингвистикасының ғылыми-әдіснамалық негіздері, жүйесі мен құрылымы, мазмұны мен категориялары дербес ғылым ретінде қалыптаспағанын, соның ішінде, *гендерлік таптаурындардың* ғылыми негіздемесі мен түркі тіл біліміндегі категориялануы әлсіз екені анықталды. *Ғылыми-тәжірибелік қайшылықтар деңгейінде* – түркі тілдері жалпы гендерлік зерттеулерге жиі тартылатын, түркі лингвомәдени деректері назар аудартатын зерттеу нысанына айналып отырғанымен, түркі тіл білімінде қалыптасқан ортақ зерттеу әдістемесі мен ғылыми қағидаттары жеткіліксіз; түркі тілдері гендерлік зерттеулерге бірегейлігі басым, феномендік сипаты өзіне тартатын «донор/беруші» тіл

рөлінде болып келеді, сондықтан, түркі гендерлік лингвистикасын дамытуға бағытталған зерттеулер, тәжірибелік жұмыстар, ғылыми жобалар, зертханалық алаңдар, ғылыми-әдістемелік құралдар ұйымдастырылуы тиіс.

Ғылыми талдау барысында айқындалған қайшылықтар жүйесін бағалау мен оларды шешу жолдарын іздеу мақсатында зерттеуіміздің өзектілігі де негізделе түсті. Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты белгіленді.

**Зерттеу мақсаты:** түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындардың жүйелік сипатын және түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші категория ретінде ғылыми негіздеу мен тәжірибелік зерттеу тұрғысынан дәлелдеу.

Зерттеу барысында белгіленген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі **міндеттерді** шешу көзделді:

1) гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретінде дамуын зерделеу арқылы қазіргі заманғы теориялық негіздерін анықтау;

2) қазақстандық тіл ғылымындағы және жалпы түркі тілдерін гендерлік зерттеу сипаты мен деңгейін талдау негізінде түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер жайы мен келешегін сараптау;

3) гендерлік таптаурындардың тілдік жүйелік белгілерін (зерттелуі, түрлері, жіктелімі) анықтау арқылы олардың мәдени-әлеуметтік категория ретіндегі сипатын ашу;

4) түркі гендерлік концептосферасындағы *қыз*, *жігіт* үлгісінде гендерлік таптаурындардың тілдік-әлеуметтік мәні мен лингвомәдени сипатын зерттеп айқындау;

5) түркі гендерлік таптаурындарының фразеология мен мақал-мәтелдердегі көрінісін лингвистикалық және эмпирикалық талдау арқылы түркі лингвомәдени феноменін бейнелеуші ретінде дәлелдеу;

6) тәжірибелік сауалнаманы жүргізу, оның нәтижелерін сараптамалық талдау негізінде заманауи түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік таптаурындарды анықтау.

**Зерттеу нысаны:** түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар.

**Зерттеу пәні:** түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші ретіндегі гендерлік таптаурындардың тілдік және мәдени-әлеуметтік сипаты.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі.** Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындарды белгіленген ғылыми міндеттер тұрғысынан зерттеу үшін келесі шетелдік ғалымдардың теориялық-әдіснамалық тұжырымдары мен іргелі еңбектері негізге алынды: Н.К. Матье, М. Фуко, М. Мид, Дж. Лакофф, З. Тремель-Плетц, В.Н. Телия, А. Вежбицкая, Дж.Валиди, Г.Р. Галиуллина, Р.Р. Замалетдинов, Ф.А. Ильдарханова, М.М.Малышева, В.А. Маслова, А.Н. Махмутова, И.М. Низамов т.б.; сонымен қатар қазақстандық ғалымдардың еңбектері: Қ. Жұбанов, Б. Хасанұлы, Э.Д.Сүлейменова т.б. Аталған ғалымдардың еңбектерінде тіл, мәдениет және тіл мен жыныс арасындағы қарым-қатынас, гендердің әлеуметтік мәселелері, әлемнің тілдік бейнесі қарастырылады.

Гендер, гендерлік зерттеулер теориясы, гендерлік лингвистика, гендерлік таптаурындарға қатысты Ф. Маутнер, Э. Сепир, Д. Коатс, Х. Коотхофф, Дж. Скотт, Р. Унгер, И. Гоффман, Дж. Таннен, И.Г.Ольшанский, О.А. Воронина,

А.В.Кирилина, О.В. Рябов, Е.И. Горошко, И.И. Халеева, Е.С. Гриценко, Б.Хасанұлы, Г.Т.Шоқым, З.М. Нұржанова, Б.Райхан, Э.С. Хузина, М.Ч.Чутбулатов, Г.М.Исмаилов, Н.Насруллаева т.б. ғалымдардың пікір-байламдары мен ғылыми еңбектері жұмыстың теориялық өзегі етіп алынды.

Түркі тіл біліміндегі таптаурындар этнолингвистикалық, когнитивтік лингвистикалық, лингвомәдени және гендерлік зерттеулер саласына қатысты төмендегі авторлардың негізгі еңбектері бойынша қаралды: Ә. Қайдаров, Н.Уәли, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақ, Г.Б. Мамаева, А.Байғұтова, З.К.Темірғазина, Р.С.Тұрдалиева, А.Ш. Тажикеева, Г.Х. Тулекова, К.Н. Смағұлова, К.А. Құсманова, А.Тымболова, Н.Б. Бурганова, Х.Х.Кузьмина, Г.Р.Мугътасимова, А.И. Хайруллина, Л.Х. Самситова, Л.К. Ишкильдина, Ж.Кынаджы, М.С. Досимова, Э.А. Дуссалиева, Ф.Ш. Нуриева, Г.М. Исмаилов, Ж.И. Исаева, Л.Ә. Ибраймова, М. Аманғазиева, А.С.Мурзинова т.б.

**Зерттеу дереккөздері:** Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері – монографиялар, мақалалар, оқулықтар; диссертациялық жұмыстар, авторефераттар; түркі тілдеріндегі түсіндірме және фразеологиялық сөздіктер, аударма сөздіктер, анықтамалар, мақал-мәтелдер жинағы, терминологиялық сөздіктер; зерттеу тақырыбының бағыттары бойынша ғылыми конференциялардың жарияланымдары қолданылды. Тәжірибелік сауалнама Қазақстан, Башқұртстан, Түркия, Қырғызстан, Татарстан, Өзбекстан тұрғындары (түркі тіл иелері) арасында ғылыми серіктестік негізінде жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 6 (алты) елдің респонденті қатысты, олардың жалпы саны – 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) адам, соның ішінде: 816 ер, 1030 әйел. Респонденттер бөлінісі келесі статистикада көрініс тапты – Қазақстаннан 916 респондент (49,6%), қалған түркі елдерінен жалпы саны – 930 респондент (50,4%): Башқұртстан – 152 адам, Түркия – 302 адам, Қырғызстан – 186 адам, Татарстан – 160 адам, Өзбекстан – 130 адам.

Зерттеу жұмысында төмендегідей **әдістер мен тәсілдер** қолданылды:

- *жалпы ғылыми-теориялық әдістер* – теориялық талдау, жалпылау мен нақтылау, сұрыптау, жіктеу, сипаттау, теориялық интерпретациялау, жүйелеу, салыстыру, салғастыру, графикалық интерпретациялау;

- *арнайы лингвистикалық әдістер* – зерттеу материалдарын жинақтау мен сараптау, семантикалық талдау, жіктеу мен топтастыру, статистикалық талдау, лингвистикалық стратификация жүргізу;

- *лингвомәдени және гендерлік талдау әдістері* – категориялау, мағынаны компоненттік талдау мен когнитивтік модельдеу, лингвомәдени интерпретациялау әдістері; компаративистік және оппозициялар әдісі.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы**. Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар жүйесі алғаш рет ғылыми зерттеу нысанына алынып, диссертациялық зерттеу бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

- гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретіндегі қазіргі заманғы теориялық негіздері анықталды;

- қазақстандық тіл ғылымындағы және жалпы түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің жайы мен келешегі сарапталып, мазмұны мен бағыттары белгіленді;

- гендерлік таптаурындардың тілдік жүйелік белгілері анықталып, мәдени-элеуметтік категория ретіндегі сипаты ашылды;

- гендерлік таптаурындардың тілдік-элеуметтік мәні мен лингвомәдени сипаты түркі гендерлік концептосферасындағы қыз, жігіт үлгісінде айқындалды;

- гендерлік таптаурындар түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші категория ретінде фразеология мен мақал-мәтелдердегі көрінісі арқылы лингвистикалық және эмпирикалық талдау негізінде дәлелденді;

- гендерлік таптаурындардың заманауи түркі лингвомәдени кеңістігіндегі құрамы, жүйелік сипаты мен тілдік ерекшеліктері алғаш рет респонденттердің гендерлік дүниетанымына негізделген тәжірибелік сауалнама жүргізу арқылы анықталды.

Зерттеу жұмысының **теориялық мәні**. Гендерлік таптаурындарды зерттеудің ғылыми негіздерін саралау, оның ұстанымдары мен ұғымдарын талдап көрсету жалпы және түркі тіл білімінің теориялық мәселелерін зерделеуге, қазіргі ғылымдар тоғысын құрайтын көкейтесті проблемаларды шешуге, соның ішінде қазақ тіл ғылымының жаңа бағыттарын әрі қарай дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері түркология, түркі тіл білімі мен гендерлік лингвистика, лингвистика, элеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. ғылыми пәндер аясындағы өзекті мәселелерді теориялық тұрғыдан тұжырымдап, түркі тілдері деректері негізінде дәйектеуге көмектеседі, Бұл зерттеу түркі тіл білімінің гендерлік бағытының ғылыми-теориялық негіздері мен ұстанымдарын дамытуға мүмкіндік береді; гендерлік лингвистика ғылымын дамытуға байланысты маңызды қорытындылар жасауға өз үлесін қосады.

Зерттеу жұмысының **практикалық мәні**. Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар жүйелі түрде алғаш рет арнайы зерттеліп отырғандықтан, зерттеуге тартылған барлық тілдер үшін (жеке тіл білімі) бұл диссертациялық тәжірибе ғылыми әдістемелік үлгі ретінде қолданылатыны сөзсіз. Диссертацияның ғылыми шолу материалдары, жүйеленген тұжырымдары, сарапталған деректері – түркі тіл біліміндегі гендерлік лингвистика, лексикология мен семантика, лингвомәдениеттану, элеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, жеке тіл білімі, салыстырмалы тіл білімі үшін өз қорын толықтыратын құнды ғылыми материал. Зерттеу материалдарын – гендерлік таптаурындар құрамы мен жіктелімі, гендерлік маркерленген фразеологизмдер мен мақал-мәтелдері қорын, тәжірибелік сауалнаманың талдамаларын (1846 респондент бойынша), дереккөздерін осы тақырып бағытындағы жобалық жұмыстарда, курс материалдарын жасақтауда, оқу-әдістемелік деректерін толықтыруда, ғылыми еңбектерді жазу барысында авторлық ережеге сай пайдалануға болады. Қазақстандық тіл ғылымындағы

және жалпы түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің келешегін дамыту мақсатында нақты ғылыми-зерттеу ұсыныстар берілді (1.2 тарауша).

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретіндегі дамуының теориялық негіздері антропологиялық, философиялық, гендерологиялық салалардың, әлеуметтік лингвистикалық, когнитивтік лингвистикалық, психолінгвистикалық, этнолінгвистикалық бағыттардың ғылыми қағидаттары мен әдістемесіне және этникалық тілдің лингвомәдени ментальді деректеріне негізделіп, кешенді сипатта жүзеге асырылады.

2. Түркі тіл білімінің гендерлік бағыты өзіндік қалыптасуымен, даму сипатымен ерекшеленеді: ол біріншіден, лингвист-ғалымдардың тіл мен жыныс, гендер мен лингвомәдениет байланысына қатысты пікір-байламдарын, ғылыми негіздемелерін зерделеумен, екіншіден, түркі халықтарының гендерлік болмысының тілдік көрінісін сипаттаумен, үшіншіден, түркі тілдерінің гендерлік белгілерін өзге тілдердің балама деректерімен салыстырып-салғастыра зерттеумен анықталады.

3. Гендерлік таптаурындар – гендерлік лингвистиканың негізгі зерттеу категориясы ретінде тілдердің таптаурындау мүмкіндіктері мен өзіндік ерекшеліктерін сипаттауға негіз болатын, мәдени-әлеуметтік және тілдік лингвомәдени феномен ретінде жүйелік, құрылымдық, концептуалдық, динамикалық, образдылық, бағалауыштық (коннотациялық), оппозициялық сипаттарымен анықталады; гендерлік таптаурындар лингвистикалық зерттеу категориясы ретінде этникалық тілдердегі гендерлік болмысты аталған сипаттары арқылы лингвомәдени құндылықтар жүйесіне қалыптастырып, этнотілдік санада бейнеленетін тұрақты маскулиндік және фемининдік лингвомәдени модельдерді айқындайды.

4. Гендерлік таптаурындарды түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші категория ретінде дәлелдеуді фразеология мен мақал-мәтелдердегі көрінісін лингвистикалық талдау арқылы, атап айтқанда, гендерлік мағынаны концептуалдық, компоненттік және оппозициялық тұрғыдан талдау, когнитивтік модельдеу, лингвомәдени интерпретациялау және эмпирикалық (жинақталған зерттеу материалдарымен жұмыс) талдау негізінде қамтамасыз етуге болады.

5. Түркі тілдерінің гендерлік сипаты маскулиндік және фемининдік таптаурындардың өзгешеліктерімен бейнеленіп, түркі болмысының лингвомәдени деректері мен құндылықтарына сүйенеді. Түркі гендерлік таптаурындар жүйесінде концептуалдық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-гендерлік, оппозициялық таптаурындау қағидаттары маскулиндік және фемининдік гендерлік модельдерді түрлі коннотациялық және гендерлік рөлдер тұрғысынан қалыптастырады.

6. Гендерлік таптаурындардың заманауи түркі лингвомәдени кеңістігіндегі құрамы, жүйелік сипаты мен тілдік ерекшеліктері тәжірибелік сауалнама жүргізу арқылы ғана анықталады, себебі фразеология мен мақал-мәтелдерінде көрініс табатын гендерлік дүниетаным – дәстүрлі гендерлік таптаурындар жүйесін ғана бейнелейді (ол базалық гендерлік концептосфера).

Дәстүрлі гендерлік таптаурындардың сипаты заманауи түркі лингвомәдениетімен салыстырғанда, айырмашылықтар жүйесін анықтады (таптаурындау қағидаттары, құндылықтар, болмыс деректері, нормалар өзгерді), сондықтан, гендерлік зерттеулерде талдауға алынатын материал мақсатына қарай нақтылануы тиіс – дәстүрлі гендерлік дүниетаным заманауи түркі лингвомәдениетін сипаттай алмайды, ол үшін қазіргі тіл иелерімен тәжірибелік зерттеу қажет.

**Зерттеу апробациясы.** Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы, шетел филологиясы және аударма ісі, қазақ әдебиеті кафедрасы (2018-2021), сонымен қатар, халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда тақырып бойынша ғылыми мақалалар баяндалды: Түркия, Балыкесир университетінің «Дара» Еуразиялық инновациялық даму орталығы (2019), Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті (2019), Башқұртстан Республикасының ғылым академиясы (2019, 2021), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (2020), гендерлік стереотиптердің қоғамдағы дәстүрлі ұғымның тұрақтылық пен өзгеруін қабылдау туралы гугл диск арқылы жүргізілген сауалнама (Ақтөбе облысы, Алматы қаласы, Орал қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Атырау облысы, Қазақстаннан бөлек шет елдерде, атап айтсақ, Түркия, Башқұртстан, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан елдері сауалнамаға қатысты) 15-65 жас аралығындағы респонденттерге жүргізілді.

**Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлданыуы.** Зерттеудің негізгі бөлімі бойынша 16 мақала жарияланды. Негізгі ғылыми-теориялық нәтижелер отандық және шет елдердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 10 мақала жарияланды. Диссертациялық зерттеу идеясы мен қорытындылары ҚР ҒЖБ министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы *сапаны қамтамасыз ету комитетінің* ұсынған мерзімді баспасөз басылымдарында 3 мақала, шетелдік ғылыми баспада 2 мақала, сондай-ақ Scopus халықаралық деректер базасында индекстелетін журналдарда 1 мақала жарияланды.

*Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:*

1. «Representation of the “kyz” Gender Concept in the Turkic Linguistics» Журнал *International Journal of Society, Culture and Language* // Volume 10, Issue 1, March 2022, ISSN: 2329-2210. PP.125-134 // Процентиль 74%, Q2.

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:*

2.«Гендерлік қатынасқа байланысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық негізі» Қазақстанның ғылымы мен өмірі -2019ж. -Алматы. Журнал. - №.6 (1) –170-175ББ.

3.«Қыз бейнесінің гендерлік ерекшеліктері (мақал-мәтелдер және тұрақты

тіркестер материалдары негізінде)» Қазақстанның ғылымы мен өмірі – 2019ж.- Алматы. Журнал. №.9 (1) –215-220ББ.

4.«Gender stereotypes in Kazakh and Tatar lexis-paremiologic system» Қазақ білім академиясының баяндамалары // Журнал - №.2 (2) –2020ж. ББ.355-362.

*Шетелдік ғылыми баспаларда жарияланған еңбектер:*

5. «Proverbs as a part of the culture: Gender linguistic picture of the world in Kazakh Proverbs» // Peter Lang Publishing // Edited By Carolyn Dundes and Wolfgang Mieder, University of Vermont, Burlington, VT 05405-0160. // Book Chapter // Contemporary Kazakh Proverb Research: Digital, Cognitive, Literary, and Ecological Approaches, 2022, pp.113–121.

6. «Қазақ және башқұрт тілдеріндегі гендерлік мағынадағы мақал-мәтелдер ерекшеліктері» // Журнал: Ватандаш. Издательство: Государственное унитарное предприятие Республики Башкортостан, Издательский Дом «Республика Башкортостан» (Уфа) Номер: 9/2022ж. ISSN: 1683-3554. 136-141ББ.

*Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:*

7. «Тіл мен гендер байланысы: философиялық тұжырымдар» Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығына орай өткізілген «Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: әдеби болмыс және дәуір шындығы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 19 қазан 2018ж., Қ.Жұбанов ат.АӨМУ, Ақтөбе. 263-268ББ.

8. «Гендерлік зерттеудің филолософиялық көзқараспен байланысы» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 30 жылдығына арналған латын әліпбиі: гуманитарлық ғылымдар және жаһандық интеграция» атты халықаралық ғылыми конференция жинағы, 30 қараша 2018ж. Қ.Жұбанов ат.АӨМУ, Ақтөбе. 276-282ББ.

9. «Әлеуметтік қоғам аясындағы гендерлік зерттеулер» // Қ.А. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласына орай «ХІ.Құрышжанов оқулары» дәстүрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, 1 наурыз, 2019ж. *Ясауи* атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, *Еуразия ғылыми зерттеу институты*, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы. 180-185ББ.

10. «Gender stereotypes in the picture world of the language» Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, шетел тілдері факультеті «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген «Шетел филологиясы» мамандығының 15 жылдығына орай «Қазақстандағы көптілдік білім берудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, 24 сәуір, 2019 жыл. Қ.Жұбанов ат.АӨМУ, Ақтөбе. 296-298ББ. (офлайн форматта баяндама жасалды, 1 дәрежелі диплом).

11. «Gender characteristics of Kazakh, Bashkir, Uzbek and Turkish proverbs and sayings» Actual questions and innovations in science II Международная научная конференция Eurasian center of innovative development // Евразийский



центр инновационного развития // Балыкесир, Турция AQIS 2. 9 Қазан, 2019ж. 277-281ББ.

12. «Гендерлік сипаттағы мақал-мәтелдердің ерекшеліктері (қазақ және татар тілдері бойынша)» Профессор-лингвист Қ.Жұбановтың 120 жылдығы мен ғалым Е.Жұбановтың 90 жылдығына арналған «Жұбанов тағылым» атты дәстүрлі X халықаралық ғылыми-практикалық конференция 25 қазан, 2019 жыл. Қ.Жұбанов ат.АӨМУ, Ақтөбе. 88-92 ББ.

13. «Әлемнің қазақ, өзбек және қытай тілдік бейнесіндегі «әйел» концептісі (паремиология материалы негізінде)» // Международная научная конференция на тему: «Узбекистан-Китай на новом этапе: развитие культурно-исторических, научных и экономических отношений» // 16-17 қараша 2019ж. Ташкент мемлекеттік шығыстану институты, Ташкент, Өзбекстан. 54-60ББ. (шет елге шығып офлайн форматта баяндама жасалды, сертификат).

14. «Гендерлік мағынадағы мақал-мәтелдер ерекшеліктері (қазақ және башқұрт тілдерінің материалдары негізінде)» // II Международная научная конференция «Электронная письменность народов Российской Федерации: опыт, проблемы и перспективы». в г. Уфе на базе Уфимского федерального исследовательского центра РАН. 27–29 қараша 2019ж. 150-152ББ.

15. «Тіл мен гендер байланысы» // Актуальные проблемы современного башкирского языкознания // Материалы Республиканской научно-практической конференции, посвященной Году башкирского языка, 85-летию со дня рождения доктора филологических наук, академика АН РБ Зиннура Газизовича Ураксина (Уфа, 10 желтоқсан, 2020ж.) Уфа 2021ж. 17-22ББ.

*Республикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:*

16. «Гендерлік әлеуметтану және мәдениеттегі гендерлік репрезентация» // «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.М.Мұсаевтың 70 жылдығына орай өткізілген «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция Материалдары, 9 қараша 2018 жыл. Қ.Жұбанов ат.АӨМУ, Ақтөбе. ББ.215-218.

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, жеті тараушадан, үш бөлім бойынша жасалған тұжырымдардан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер және анықтама бөлімдерінен тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 190 бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

1) Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы

2) Гендерлік статистика көрсеткіштерінің жүйесін қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы // 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 219 бұйрығы. 2016 жылы 21 қаңтардағы № 12909

3) «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы (6.12.2016)

4) «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Жарлығы // Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуіріндегі № 853 жарлығы (1.04.2022)